




ШЕФФЛЕРА ГҮЛІ



- **Шеффлера** (schefflera шеффлера) – аралия тұқымдасына жатады. Шығыс Азия, Қытай, Жапония, Вьетнам және Австралияда таралған.



○ Табиғатта **150-ге** жуық түрі бар. Кейпі кішкене ағаш немесе бұта секілді. Жапырақтары жайылған алақан тәрізді сабақ басында тарамдала орналасқан 5-тен 20 талға дейін болады. Қою жасыл және ақ немесе сары дақтары бар алажапырақты түрлері бар. Отанында өте әдемі гүлдегенімен, үй жағдайында гүлдемейді.





○ **Ағаштекес шеффлера** (*schefflera arboricola*) – көпбұтақты, әдемі жапырақты өсімдікке жатады. Жасыл және алажапырақты түрлері бар. Бір сабақтарда 7-ден 16-ға дейін жапырақтары болуы мүмкін. Жапырағы етті, қатқылдау, беті жылтыр. Күтімі жеңіл гүлдерге жатады. Ересек өсімдіктің бойы 2-2,5 метрге жетеді, сондықтан үлкен, кең бөлмелерде және қысқы бақтарда өсірген абзал.



Күтімі :

Жарығы:

Тік түсетін күн көзіне қоюға болмайды, жарықта жақсы өседі.

Жылуы:

Қыста бөлме температурасының 120С дейін төмендеуіне шыдамды.

Суғарылуы:

Молынан сирек, қыста байқап суғару керек. Жиі суғарғаннан да жапырақтары түсіп қалады.

Ылғалдылығы:

Жапырақтарына жиірек су бүркіп ылғалдандырып тұрған дұрыс

Қоректендірілуі:

Көктем-жаз айларында он күнде бір рет, ал қыста айына бір рет әдемі жапырақты өсімдікке арналған тыңайтқышпен қоректендіреді.

Аурулары:

Бөлмеде ауа өте құрғақтанып кеткенде өрмекші және зиянкестердің әсерінен ауыруы мүмкін.

Көбейтілуі:

Сабақ ұшы қалемшелерімен және жартылай ағаштанған сабақтары арқылы көбейтеді.



На зарларыны зга

GIFR.ru

рахмет!

